

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

<https://edoox.com> сайтында білім беру контентін пайдалану туралы

1. Анықтама

1.1. Осы Құпиялылық саясатының мақсаттары үшін келесі анықтамалар пайдаланылады:

1.1.1. «Сайт иесі» — «TECHNO PARTNERS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 230840002814), орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқушыларына, педагогтеріне және басшыларына арналған «Білімді диагностикалау edoox.com (testter.kz)» онлайн-сервисін пайдалануға айрықша құқығы бар.

1.1.2. «Сайт» — орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқушыларына, педагогтеріне және басшыларына арналған «Білімді диагностикалау <https://edoox.com> (<https://testter.kz/>)» онлайн-сервисі, ол веб-парақтардың, бөлімдердің, қосымшалардың, сервистердің (бұдан әрі – парақтар), контенттің жиынтығынан, сондай-ақ <https://edoox.com> желілік мекенжайы (домендік атауы) бойынша Интернет желісінде осы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ететін тиісті бағдарламадан тұрады, оның ішінде Сайттың мобильдік нұсқасы да бар.

1.1.3. «Контент» – Сайттағы ақпараттық, аналитикалық және басқа да материалдар, оларға дизайн элементтері, иллюстрациялар, графикалық бейнелер, фотосуреттер, скриптер, мәтіндер және (немесе) басқа да объектілер кіреді; олар интеллектуалдық қызмет нәтижесі болып табылады немесе олардың құқықтары Сайт иесіне, Пайдаланушыларға немесе үшінші тұлғаларға тиесілі.

1.1.4. «Пайдаланушы» – 16 жасқа толған немесе одан үлкен, сотпен әрекет ету қабілетінен айырылмаған немесе шектелмеген кез келген жеке және заңды тұлға.

1.1.5. «Жеке деректер» – Пайдаланушыға қатысты мәліметтер (тегі, аты, жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайлары, қолжетімділік деректері: пароль, логин/түйіндеме/аты және т.б.), олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке деректерге жатады.

1.1.7. «Cookies» – веб-сервер арқылы жіберілетін және Пайдаланушының компьютерінде сақталатын деректердің кішігірім фрагменті, ол веб-клиент немесе веб-браузер арқылы сәйкес сайт бетін ашу кезінде HTTP-сұрау арқылы әр жолы веб-серверге қайта жіберіледі.

1.1.8. «IP-мекенжай» – IP протоколы бойынша құрылған компьютерлік желідегі түйіннің бірегей желілік мекенжайы.

1.1.9. «Жеке деректерді өңдеу» – автоматтандыру құралдарын қолдана отырып немесе қолданбай жеке деректермен жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе іс-әрекеттер жиынтығы, оның ішінде жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қолжетімділікті қамтамасыз ету), анонимдендіру, блоктау, өшіру және жеке деректерді жою.

2. Жалпы ережелер

2.1. Пайдаланушының Сайтты пайдалану фактісі осы Құпиялық саясатына және Пайдаланушының жеке деректерін өңдеу шарттарына келісім білдіретінін көрсетеді.

2.2. Пайдаланушы осы Құпиялық саясатына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасындағы талаптарға сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының № 401-V ЗРК 16.11.2015 ж. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», № 94-V 21.05.2013 ж. «Жеке деректер және оларды қорғау туралы», № 418-V ЗРК 24.11.2015 ж. «Информатизация туралы» Заңы және Қазақстан Республикасындағы жеке деректерді қорғау саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге

сәйкес Пайдаланушының және/немесе үшінші тұлғалардың, оның ішінде кәмелетке толмаған балалардың Сайтқа ұсынылған жеке және басқа да деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалану/таратуға келісім береді.

2.3. Егер Пайдаланушы Құпиялық саясатының шарттарымен келіспесе, ол Сайтты пайдалануды тоқтатуы тиіс.

3. Құпиялық саясатының мазмұны

3.1. Аталған Құпиялық саясаты Сайт иесінің міндеттерін анықтайды, атап айтқанда Пайдаланушы Сайт контентін пайдалану барысында Сайт иесіне ұсынған жеке деректердің құпиялығын қамтамасыз ету және олардың жарияланбауын сақтау.

3.2. Осы Құпиялық саясаты аясында өңдеуге рұқсат етілген жеке деректер Пайдаланушы тарапынан тіркеу формасын толтыру арқылы немесе мемлекеттік деректер базаларынан жинауға және өңдеуге келісім беру арқылы ұсынылады және келесі ақпаратты қамтиды:

3.2.1. Пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты;

3.2.2. Жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі;

3.2.3. Пайдаланушының байланыс телефоны;

3.2.4. Пайдаланушының электрондық пошта мекенжайы (e-mail);

3.2.5. Пайдаланушының тұрғылықты жері.

3.3. Сайт жеке деректерді қорғайды, олар жарнамалық блоктарды қарау кезінде және статистикалық скрипт орнатылған беттерге (пиксель) кіру барысында автоматты түрде беріледі, оның ішінде:

- IP мекенжай;
- Cookies туралы ақпарат;
- Браузер туралы ақпарат (немесе жарнаманы көрсетуге қол жеткізетін басқа бағдарлама);
- Қол жеткізу уақыты;
- Жарнамалық блок орналасқан беттің мекенжайы;
- Реферер (алдыңғы беттің мекенжайы).

3.3.1. Cookies-ті өшіру порталдың кейбір бөліктеріне, авторизацияны талап ететін беттерге қол жеткізу мүмкін болмай қалуына әкеп соғуы мүмкін.

3.3.2. Портал өз келушілерінің IP мекенжайлары бойынша статистикалық мәліметтер жинайды. Аталған ақпарат техникалық мәселелерді анықтау және шешу, сондай-ақ жүргізілетін қаржылық төлемдердің заңдылығын бақылау мақсатында қолданылады.

3.4. Жоғарыда көрсетілмеген басқа жеке ақпараттар (сатып алу тарихы, қолданылатын браузерлер мен операциялық жүйелер және т.б.) осы Құпиялық саясатының 5.2. және 5.3. тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда сенімді сақталуы және таратылмауы керек. .

4. Пайдаланушының жеке ақпаратын жинау мақсаты

4.1. Сайт иесі Пайдаланушының жеке деректерін келесі мақсатта пайдалана алады:

4.1.1. Пайдаланушыны идентификациялау;

4.1.2. Пайдаланушыға Сайттың жекелеген ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету.

4.1.3. Пайдаланушымен кері байланыс орнату, соның ішінде Сайтты пайдалану және қызмет көрсетуге қатысты хабарламалар мен сұраулар жіберу, сондай-ақ Пайдаланушының сұраулары мен өтініштерін өңдеу.

4.1.4. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алаяқтық әрекеттердің алдын алу мақсатында Пайдаланушының орналасқан жерін анықтау.

4.1.5. Пайдаланушы ұсынған жеке деректердің дұрыстығын және толықтығын растау.

4.1.6. Пайдаланушы есептік жазба құруға келісім берген жағдайда, Контентті пайдалану үшін Есептік жазба жасау.

4.1.7. Сайтты пайдалану кезінде туындайтын мәселелер бойынша Пайдаланушыға тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету.

4.1.8. Пайдаланушының келісімі бойынша өнім жаңартуларын, арнайы ұсыныстарды, баға туралы ақпаратты, жаңалықтар таратылымын және басқа да мәліметтерді Сайт атынан немесе Сайт серіктестері атынан ұсыну.

4.1.9. Пайдаланушының келісімі бойынша жарнамалық қызмет жүргізу.

4.1.10. Пайдаланушыға Сайт серіктестерінің сайттары немесе сервистеріне өнімдер, жаңартулар және қызметтер алу мақсатында қолжетімділікті беру.

5. Жеке деректерді өңдеу әдістері мен мерзімдері

5.1. Пайдаланушының жеке деректері өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзімде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша көрсетілмесе, соның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе пайдаланбай жеке деректердің ақпараттық жүйелерінде кез келген заңды тәсілмен өңделеді.

5.2. Пайдаланушының жеке деректері Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша берілуі мүмкін.

5.3. Жеке деректердің жоғалуы немесе жариялануы жағдайында Сайт иесі Пайдаланушыны жеке деректердің жоғалуы немесе жариялануы туралы хабардар етеді.

5.4. Сайт иесі Пайдаланушының жеке ақпаратын заңсыз немесе кездейсоқ қолжетімділіктен, жоюдан, өзгертуінен, блоктауынан, көшіруінен, таралуынан және үшінші тұлғалардың басқа заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

5.5. Сайт иесі Пайдаланушымен бірлесіп, Пайдаланушының жеке деректерінің жоғалуы немесе жариялануы салдарынан туындайтын шығындар немесе басқа теріс салдардың алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

6. Тараптардың міндеттері

6.1. Пайдаланушының міндеттері:

6.1.1. Сайтты пайдалану үшін қажетті жеке деректер туралы ақпаратты ұсыну;

6.1.2. Ұсынылған жеке деректердегі өзгерістер болған жағдайда ақпаратты жаңарту және толықтыру.

6.2. Сайт иесінің міндеттері:

6.2.1. Алынған ақпаратты тек осы Құпиялық саясатының 4-бөлімінде көрсетілген мақсатта пайдалану;

6.2.2. Құпия ақпаратты сақтау, Пайдаланушының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жарияламау, сондай-ақ осы Құпиялық саясатының 5.2. және 5.3. тармақтарында көрсетілген жағдайларды

қоспағанда Пайдаланушының берілген жеке деректерін сату, айырбастау, жариялау немесе басқа тәсілдермен таратуға жол бермеу;

6.2.3. Пайдаланушының жеке деректерінің құпиялығын сақтау үшін сақтық шараларын қабылдау, бұл шаралар аталмыш ақпаратты қорғау үшін әдетте қолданылатын кәсіптік тәжірибеге сәйкес жүргізіледі;

6.2.4. Пайдаланушы немесе оның заңды өкілі, сондай-ақ жеке деректер субъектілерінің құқықтарын қорғауға уәкілетті органның өтініші бойынша тексеру кезеңінде деректердің бұрмалануы немесе заңсыз әрекеттер анықталған жағдайда Пайдаланушыға қатысты жеке деректерді бұғаттау.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Өз міндеттерін орындамаған Сайт иесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Құпиялық саясатының 5.2., 5.3. және 7.2. тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда Пайдаланушыға жеке деректерді заңсыз пайдалану салдарынан келтірілген шығын үшін жауапты болады.

7.2. Құпия ақпараттың жоғалуы немесе жариялануы жағдайында Сайт иесі аталған құпия ақпарат:

7.2.1. Жоғалуы немесе жариялануы алдында ашық ақпарат болып табылған болса;

7.2.2. Сайт иесіне алынғанға дейін үшінші тараптан алынған болса;

7.2.3. Пайдаланушының келісімімен жарияланған болса жауапкершілік тартпайды.

8. Дауларды шешу тәртібі

8.1. Осы Құпиялық саясатын орындау барысында туындайтын дау мен келіспеушілік тараптар арасында келіссөздер арқылы шешіледі.

8.2. Егер келіссөз арқылы дауды шешу мүмкін болмаса, осы Құпиялық саясатына байланысты немесе одан туындайтын барлық дау, келіспеушілік немесе талап, оның ішінде бұзылуы, тоқтатылуы немесе жарамсыздығына қатысты мәселе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен нақты шешіледі.

9. Қосымша шарт

9.1. Сайт иесі Пайдаланушының келісімінсіз осы Құпиялық саясатына өзгерістер енгізуге құқылы.

9.2. Жаңа Құпиялық саясаты егер жаңа редакцияда басқаша мерзім көрсетілмеген болса, Сайтқа орналастырылған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.